

Тексерілді
Әдіскер

«28» 08 2024.ж.

Жазғы-сауықтыру кезеңіне
мектепалды сөйлеу тілінің мүкістігі бар «Ақбота» тобының тәрбиешісі Ф.А.Муханова
2024ж 01.07-05.07 аралығындағы жұмыс циклограммасы
I-апта

«Гүлденген табиғат»»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды далада қабылдау 8.00 – 8.30	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Демалыс күнін қалай өткізгендері туралы әңгімелесу				
Таңғы гимнастика 8.30-8.50	Жаттығулар кешені. /Құралсыз/ Таңғы жаттығу: бір қатар сапқа тұру, баяу жүру, аяқтың ұшынан, өкшемен жүру. 3 қатарға бөлініп тұру. 1.БҚ. Тік тұру, аяқ арасы сәл ашық. 1-қолды алға..2- жоғары. 3- қапталға. 4- төменге түсіру (5-6 рет) 2.БҚ. Тік тұрып қолды алға, артқа айналдыру. (5-6 рет) 3.БҚ. Аяқтары иық деңгейінде, қолдары кеуде алдында.Шынтақтары бүгілген.саусақтары жұдырыққа түйілген.Осы күйінде қолдарын айналдыру.(5-6 рет) 4.БҚ. Тік тұру.1-аяқтың ұшына қолды тізені бүкпей жеткізу.2-бастапқы қалыпқа келу.3-екінші аяққа.4-бастапқы қалыпқа. (5-6 рет) 5.Аяқтары сәл ашылған.Қолдары алға қарай созылған.Отырып тұру. (5-6 рет) Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығулары. 6.Баяу жүгіру, тыныс алу жаттығулары.				
Гигиеналық шаралар 8.50-9.00	Салқын сумен жуу.Сүрту. Сылдырайды мөлдір су, Мөлдір суға қолың жу. Салқын суға жуынсаң, Шынығасың тамаша!				
Таңғы асқа дайындық 9.00-9.10	Балалардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу				
Таңғы ас 9.10-9.30	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Арпа, бидай — ас екен, Алтын,күміс- тас екен.				

	Егін ексең, егін ек, Онан өнер өнім көп				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 9.30-10.10	«Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. Мақсаты:Балаларға табиғат туралы түсінік бере отыра оларды табиғатты аялауға, қамқорлық жасауға шақыру.Табиғаттың адам өмірі үшін пайдасын түсіндіру. Суреттер байқауын ұйымдастыру. Ата-аналармен бірге «Гүлдестелі ханшайым» байқауын ұйымдастыру, номинациялар тағайындау, балалар шығармашылығын қолдау. Қимыл-қозғалыс ойыны «бақшадағы қояндар».	“Сумен шынығудың пайдасы” тақырыбы туралы әңгімелесу.Мақсаты:Су тіршілік көзі екенін,пайдасы,маңызы қасиеті туралы білімдерін кеңейту.Сумен шынығудың денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру.Қоршаған ортаны қорғау,суды ластамауға,оны үнемдеуге қастерлей білуге,ұқыптылыққа жинақтылыққа тәрбиелеу Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу. «Судың қасиеті», «Мөлдір-лай», «Ауа мен су» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету.	Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау. Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын.	«Менің отбасым» отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. «Қолғанат» Т.Жанұзақов.Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы».	«Елімнің жүрегі – Астана», әңгімелесу. Тақырыпқа сәйкес ән тыңдату және бірге айту. «Бұл бақытты –мекен» асфальтқа сурет салу байқауы

		Су бетінде сурет салу..			
Серуенге дайындық 10.10-10.20	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Күндізгі серуен 10.20-11.20	№1.Бақылау Мақсаты:Ауа -райына жүйелі түрде қадағалау жасау; маусымның сипатты белгісіне көңіл аударып және біріктіру; барлық жан жануарлардың белсенді өміріне, өсімдіктердің өсуіне және жарығына, жылудың төгілуіне байланысты орнату. Еңбек: Құмның үстіне құм себу және суару Мақсаты:еңбекке баулу; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету. Қимылды ойын «Керісінше айт,көрсет» Балалардың сөздік қорына антоним	№2. Бақылау Мақсаты:Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру; күннің қозғалысымен шығуын қадағалауды жалғастыру, күннің ұзаруымен жылынуын белгілеу күн ұзын, күннің көзі ұзақ тұрады, жоғары көтерілсе ыстық болып, онан сайын ысиды. Күннің төгілуі ,ылғалдар - өсімдіктің толқынды өсуімен, құрт-құмырсқалардың, құстардың пайда болуымен байланысты орната білу. Еңбек: Гүлді күту. Мақсаты:Учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауға үйрету.Гүлге ұқыпты қарауға және сүйеге тәрбиелеу. Ойын: «Осындай бола ма,	№3.Бақылау Желді бақылау Мақсаты: Ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту;желдің қалай құрылуы жөніндегі мәліметтерді толықтыру: жер қызады,жерден ауа қызады, одан әрі жоғарлайды, ал суық ауа оның орнын басады, содан соң жел тұрады. Желдің нашар, күшті жақтарын ажырата білуге үйрету; қандай белгілері бойынша желдің күштілігін анықтау қажет екенін түсіндіре білу; ағаш қозғалса күшті жел, шөп тербелсе әлсіз жел. Жазғы желді қысқы желмен салыстыра білуге үйрету. Еңбек: Үй өсімдігін отырғызу. Мақсаты:Үй өсімдігін отырғызуға қатысу. Жұмыс	Бағдаршам жұмысына бақылау Мақсаты: бағдаршам туралы балалардың білімдерін бекітіп, тереңдете түсу, жолда жүру ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу.Зертеу жұмысы: балалармен бағдаршам жұмысын және жол реттеуші жұмысын бақылау. Не көргендерін, не ұққандарын әңгімелеу. Еңбек: алаңшада, жол қиылысындағыдай белгі жасау, оны тазалап, сыпырып, жөнге келтіру. Мақсаты: жұмыла еңбек етіп, бастаған істі аяғына дейін жеткізу. Қимылды ойын: «Бағдаршам». Мақсаты: бағдаршамның белгілері туралы балалардың білімдерін	№5 Бақылау: Жазғы ағаштарды бақылау. Мақсаты: Жазғы табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, ағаштарға назарларына аудару. Жазғы ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.Жаз мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. Еңбек: Беседка ішін сыпыру, ойыншықтарды жинау Мақсаты:Сыпырғышты дұрыс қолдана алуға үйрету. Қимылдық ойын:Құмда ойнайтын ыдыстармен және т.б еркін ойындар

	сөздерін енгізу. Құмда жалаң аяқ жүру, жылы сумен аяқтарын жуу	болмай ма?» Сұраққа жауап беруге және жауабын түсіндіруге үйрету. Жазда қар жауа ма ? Күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр? Эксперимент. Қараңғы және жарық жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу.	аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауға үйрету. Қимылды ойын: «Қол ұстасып жүру» Белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына) Мақсаты: Ұжымдық сезімге тәрбиелеу	бекіте түсу.	
Серуеннен оралу 11.20-11.30	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. Бір-біріне көмек көрсету, тату, достық, адамгершілікке тәрбиелеу				
Гигиеналық шаралар 11.30-11.50	Салқын сумен жуыну. Сүртінуге. Өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).				
Түскі асқа дайындық 11.50-12.00	Тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.				
Түскі ас 12.00-12.40	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Нандай жоқ қой асыл дәм, Жеп үйренген жасыңнан. Дастарқаннан нан кетсе, Береке кетер асыңнан.				
Күндізгі ұйқы 12.40-14.40	Желдету. Тыныштық режимі				
Ұйқыдан тұру 14.40-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау. Ұйқыдан кейінгі жаттығу түрлері: 1. Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп. аяқты кезекпен сермеу. 2. Қайық жаттығуы. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жоғары тартылып, еңкею, тербелу. 3. Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп - түсіру 4. Шаңғы жаттығуы. 2 аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып - жинау. Табанды төсек үстіне үйкеу. 5. Ашулы мысық. Тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру. 6. Мейірімді мысық. Белді бүгіп, басты жоғары көтеру.				

Бесін асқа дайындық 15.00-15.10	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.				
Бесін ас 15.10-15.30	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса, баспандар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастандар.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 15.30-16.00 Жеке жұмыс 16.00-16.15	Ойын алаңындағы қоңыз, көбелектердің қимыл, іс- әрекеттерін бақылау. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. Нұрислам, Асылыммен туған жер туралы тақпақты жаттату. Тілдерін дамыту, сөздік қорын байыту	Гүлденген табиғат туралы әңгімелеу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Өз ойларын айтуға үйрету. Каусар, Әмина, Нұрисламның сандар, пішіндер туралы ұғымдарын бекіту. Танымдық қабілеттерін, пішіндер туралы дағдыларын бекіту.	Раушан, петунья, майор гүлдерінің өсу қарқынын бақылау, әңгімелеу, суару, еңбекке баулу. Иброһим, Ақниет, Даниалмен тақпақтарды қайталату. Есте сақтау қабілеттерін дамыту		«Қонақ келді» құмнан әр түрлі тағамдар: печенье, балмұздақ және т.б формасын жасау. Қонаққа құрмет, қонақжайлылық туралы әңгімелеу Әминамен қазақша сөйлеуге бейімдеу мақсатында «Сөйлемді жалғастыр» ойынын ойнату.
Кешкі асқа дайындық 16.15 – 16.20	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды дағдыға айналдыру				
Кешкі ас 16.20-16.40	Тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау. алабақшаның ауласы неге аққа оранған»				
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету				

Серуендеу 16.50-17.30	Серуенге қызығушылық туғызу. Қимылды ойын: «Аққу-қаздар». Еркін ойындар
Үйге қайту.Ата-анаға кеңес 17.30-18.00	Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Ата-аналарға жаз мезгілінде баланы шынықтыру шаралары туралы кеңес беру.

Тексерілді .
 Әдіскер М.Аллаев
 «05» 07 2024ж.

Жазғы-сауықтыру кезеңіне
 мектепалды сөйлеу тілінің мүкістігі бар «Ақбота» тобының тәрбиешісі Ф.А.Муханова
 2024ж. 08.07-12.07 аралығындағы жұмыс циклограммасы
 II-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды далада қабылдау 8.00 – 8.30	Балаларды қабылдау, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнау;				
Таңғы гимнастика 8.30-8.50	Жаттығулар кешені. /жалаумен/ Таңғы жаттығу: бір қатар сапқа тұру, баяу жүру, аяқтың ұшынан, өкшемен жүру. 2 қатарға бөлініп тұру. 1.Б.қ. н.т. жалау төменде, 1- жалау алда ; 2- жалау жоғарыда; 3- жалау жан –жақта; 4- б.қ. келу. (6рет) 2.Б.қ.н.т. жалау төменде; 1- оң аяқпен алға бір қадам жасау, жалауды жан –жақта; 2- б.қ. келу.Сол аяқпен қайталау.(6-7 рет) 3. Б.қ. еденде отыру, жалау кеуде алдында; 1- алға еңкейіп ,жалауды оң, сол аяққа жеткізу; 2- б.қ. келу. (6-7рет) 4. Б.қ. тізерлеп тұру, жалау кеуде алдында, оңға, солға бұрылу, жалауды жан –жаққа созу; 2- б.қ. келу. (7рет) 5. Б.қ. н.т. жалау төменде; 1-2- отырып, жалауды алға созу; 3-4- б.қ. келу. (6-7рет) 6. Б.қ.н.т. жалау төменде; 1- секіріп , аяқты алшақ ұстау, жалауды жан – жаққа созу; 2- б.қ. келу.(1-6 реттен 3рет қайталау)				

Гигиеналық шаралар 8.50-9.00	Салқын сумен жуу.Сұрту Ал, қанекей, балалар, Салқын сумен беті, қолды жуамыз. Бойымызды сергітіп, Шынығуға құмармыз				
Таңғы асқа дайындық 9.00-9.10	Балалардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу				
Таңғы ас 9.10-9.30	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.Ас ішіп болған соң бата беру;				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 9.30-10.10	Сүйікті кейіпкерлер фестивалі. Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу. Салған кейіпкері туралы әңгімелеу.	«Мерейлі отбасы» «Әке көрген оқ жонар» зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасау. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру. Ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекеті, Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа айту челленджі «Кірқоймас» К.Чуковский оқып беру.	«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы» «Әлди-әлди ақбөпем» челенджі, әжесінің бесік жыры. «Отбасымен демаламыз»Отбасының қызықты демалыс сәттерінен фотосуреттер көрмесін ұйымдастыру. «Отбасы – бақыт мекені» Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу.	Ұлттық ойындар Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары «Сақина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ»	Алтын сақа -«Мен атамның көмекшісімін»тақ ырыбында әңгімелесу. -«Жеті атасын білу тектіліктің белгісі»жетіатаны жатқа айтудан сайыс ұйымдастыру; - «Ханталапай»ұлттық асық ойынын ойнату; -асықтан жасалған «денсаулық жолымен» жүргізу; -асықтар тізілген қолғаппен бір-біріне массаж жасату.

Серуенге дайындық 10.10-10.20	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Күндізгі серуен 10.20-.11.20	№1 Бақылау: Жеміс ағаштарымен салыстыру(алма). Мақсаты:Бөлімшеде өсіп тұрған ағаштарды ажыратуға және атын атауға үйрету(жапырағы,түбірі, тұқымы бойынша); жазда ашық жасылды бұтақтардың көбейгеніне көңіл аудару керек, көлеңке түседі, сондықтан ыстық күндерде орманда салқын Еңбек: Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау Мақсаты: Үлкендерге көмектесуге үйрету; Қимылдық ойын: «Тез қуып жет» Мақсаты: қимыл қозғалыстарын дамыту. Ептілік, шапшандыққа үйрету Балаларды сауықтыру шарасы: Бала ағзасын шынықтыру (күн	№2 Бақылау: Шөп-шаланды өсімдіктерді бақылау Мақсаты:Балаларды алаңда өсетін шөп-шаланды өсімдіктермен таныстыру; өсімдіктің дамуы мен өсуі жайлы көріністерді қалыптастыру; өсімдіктің жеке құрылымымен таныстыру (тамыр, жапырақ, гүл), олардың әр өсімдікте әр түрлі екендігін түсіндіру: шөп-шаланды өсімдіктер гүлдейді. Еңбек:Топ ойын алаңдағы гүлдердің шөптерін жұлуға көмек Мақсаты:Балаларды топ алаңындағы гүлдер. Қызанақ, жеміс ағаштарының аттарын атай біле отырып, өсіп кеткен арам шөптерді жұлуға көмектесуі. Еңбекке баулу Мақсаты:Табиғатты ластамауға,қоқысты қоқыс шелегіне салуға үйретіп тәрбиелеу. Қимылды ойын: Қимыл қозғалыс ойындары:Еркін ойындар	№3Бақылау: Емдік өсімдіктерді бақылау (жусан, түймедақ) Мақсаты:Балаларды бала бақша алаңында өсетін емдік өсімдіктерді дұрыс тану мен білуге үйрету, ауруларға емдік өсімдікті қарапайым жолмен қалай қолдануды үйрету. Қай мезгілде өсімдіктерді жинау керек екенін, оларды қалай кептіру керектігімен таныстыру. Осы өсімдіктерден дәрі-дәрмек жасап, дәріханаларда сататынын түсіндіру. Еңбек: Емдік өсімдіктерді топтастыру Мақсаты:Балаларды емдік өсімдікті жинауға шақыру, оларды табу. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрену. Қимылдық ойын: «Қуып жет» Мақсаты: Жарысқа қызығушылығын дамыту. Жолдастарының сәттілігіне қуану. Балаларды сауықтыру	№4 Бақылау: Жидектерді бақылау (құлпынай, бүлдірген). Мақсаты: Балаларды балабақша алаңында өсетін жидектермен таныстыру, олар жайлы білімдерін жетілдіру. Жидектердің ақшыл түстісін жұлуға болмайды ,себебі олар әлі піспеген, ал қызылдары – піскен, оларды жинауға болады, бірақ үлкендердің рұқсатымен. Жидектерді дұрыс үзуге үйрету. Жабайы өсетіндер – тауда, далада өсетін жидектер екендігін түсіндіру. Еңбек: Қопсыту Мақсаты:Өсімдіктерді өз еркімен күте білу. Өсімдікке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Жинақылыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: Еркін ойын Мақсаты:шапшандық, ептілікке үйрету, қимыл-қозғалыстарын дамыту. ыдыстармен және т.б еркін	№5 Бақылау: Шөпті өсімдіктердің гүлденуін бақылау. Бақылау Бұл өсімдіктердің шалғындарда өсетінін, сол себепті жарықты жақсы көретінін түсіндіру. Балаларды алаңда өсетін шөп-шаланды өсімдіктермен таныстыру; өсімдіктің дамуы мен өсуі жайлы көріністерді қалыптастыру Еңбек: Гүлдер арасындағы арам шөптерді жұлу Мақсаты: Еңбекке баулу. Қимылдық ойын: «Кім шапшаң» Мақсаты: Қимыл қозғалыстарын дамыту. Ептілік пен шапшандыққа үйрету

	сәулесі, шөпте жалаң аяқ жүру		шарасы:Құмда жалаң аяқ жүру ойындар	
Серуеннен оралу 11.20-11.30	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.Бір-біріне көмек көрсету, тату, достық, адамгершілікке тәрбиелеу			
Гигиеналық шаралар 11.30-11.50	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).			
Түскі асқа дайындық 11.50-12.00	Тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптасуы			
Түскі ас 12.00-12.40	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Наннан үлкен ас жоқ, Қастерлейік біз оны			
Күндізгі ұйқы 12.40-14.40	Желдету. Тыныштық режимі			
Ұйқыдан тұру 14.40-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау. Ұйқыдан кейінгі жаттығу түрлері: Ал, қанеки балалар, Көзімізді ашамыз. Ұйқымызды ашамыз, 1,2,3 жаттығуды бастаймыз. Төсектерінде жатып қолдарын алдыға ,жанына созу. Аяқты алдыға, жоғары сермеу Аяқты бүгу, созу Төсектен тұрып массаж жолымен жүру			
Бесін асқа дайындық 15.00-15.10	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.			
Бесін ас 15.10-15.30	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс Нан деген ол қадірлі ас Қастерлей оны білейік.			

Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 15.30-16.00	Балалардың өз бастамасы бойынша ұйымдастырылған ойындарға еркіндік беру;	Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту: сумен ойындар;	Еркін іс әрекеттері. Қимылды ойын «Сыңаырынды тап»	Ойын алаңындағы құмнан сюжетті бейнелер салу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту	музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс негізінде әрекеті; Ән айту, еркін ойындар;
Жеке жұмыс 16.00-16.15	Асылым, Әминамен қоршаған орта туралы дидактикалық ойын	Каусар, Ибрагиммен танымдық дағдылары туралы жеке жұмыс	Проблемалық жағдаяттарды шешу. шынықтыруға және физикалық дамуын жақсартуға жеке жұмыс: Әмина, Иброхим	Коммуникативтік байланыс: Асылымның сөздік қорларын байыту бойынша интонациямен, дауысын келтіріп ертегіні айтуы	Али, Даниалмен жеке жұмыс Достық, татулық, туралы ертегі айту арқылы адамгершілік тәрбие беру
Кешкі асқа дайындық 16.15 – 16.20	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды дағдыға айналдыру				
Кешкі ас 16.20-16.40	Тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету <i>(тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі)</i> ,				
Серуендеу 16.50-17.30	Серуенге қызығушылық туғызу. Қимыл-қозғалыс ойындары «Жалаушаны табу». Еркін ойындар				
Үйге қайтуАта-анаға кеңес 17.30-18.00	«Көзге арналған жаттығулар» тақырыбында кеңес беру.				

Тексерілді
Әдіскер Малла
«12» 07 2024ж.

Жазғы-сауықтыру кезеңіне
мектепалды сөйлеу тілінің мүкістігі бар «Ақбота» тобының тәрбиешісі Ф.А.Муханова
2024ж. 15.07-19.07 аралығындағы жұмыс циклограммасы
III-апта

«Жазғы сайыстар»


Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды далада қабылдау 8.00 – 8.30	Балаларды қабылдау, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері				
Таңғы гимнастика 8.30-8.50	Жаттығулар кешені. /жалаумен/ Таңғы жаттығу: бір қатар сапқа тұру, баяу жүру, аяқтың ұшынан, өкшемен жүру. 2 қатарға бөлініп тұру. 1.Б.қ. н.т. жалау төменде, 1- жалау алда ; 2- жалау жоғарыда; 3- жалау жан –жақта; 4- б.қ. келу. (6рет) 2.Б.қ.н.т. жалау төменде; 1- оң аяқпен алға бір қадам жасау, жалау жан –жақта; 2- б.қ. келу.Сол аяқпен қайталау.(6-7 рет) 3. Б.қ. еденде отыру, жалау кеуде алдында; 1- алға еңкейіп ,жалауды оң, сол аяққа жеткізу; 2- б.қ. келу. (6-7рет) 4. Б.қ. тізерлеп тұру, жалау кеуде алдында, оңға, солға бұрылу, жалауды жан –жаққа созу; 2- б.қ. келу. (7рет) 5. Б.қ. н.т. жалау төменде; 1-2- отырып, жалауды алға созу; 3-4- б.қ. келу. (6-7рет) 6. Б.қ.н.т. жалау төменде; 1- секіріп , аяқты алшақ ұстау, жалауды жан – жаққа созу; 2- б.қ. келу.(1-6 реттен 3рет қайталау)				
Гигиеналық шаралар 8.50-9.00	Салқын сумен жуу.Сүрту Салқын сумен, салқын сумен жуынсақ, Шынығады, шынығады денеміз. Ауырмаймыз, шаттанамыз Біз шынығып өсеміз				

Таңғы асқа дайындық 9.00-9.10	Балалардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу				
Таңғы ас 9.10-9.30	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану, астан соң бата беру				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 9.30-10.10	«Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таза ауада жаттығу, шынығу. «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру	«Денсаулық зор байлық», «Дені сауы тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) Көркем шығарма оқып беру (немесе үзінді оқу). Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек, көк серек», «Орамал тастамақ» және т.б.	Балалардың сүйікті қимылды ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. Санамақтар жаттау	Балалармен әңгімелесу «Допты спорт түрлері». Доппен ойнау. Допты нысанаға лақтыру. Сурет салу «Сиқырлы доптар» Мүсіндеу «Менің көңілді добым».	Отбасылық жарыстар, эстафеталық жарыстар ұйымдастыру. «Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Спорт туралы жұмбақтар, сұрақтар қою. Санамақтар мен өлеңдер жаттау. Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату (бадминтон, футбол, волейбол). Күрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар. Ұлттық ойындардан байқау өткізу: «Бес темше», «Көкпар», «Асық ойындары
Серуенге дайындық 10.10-10.20	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.				
Күндізгі серуен	№1 Бақылау:	№2 Бақылау:	№3 Бақылау:	№4 Бақылау:	№5 Бақылау:

10.20-11.20	Саңырауқұлақтарды бақылау. Мақсаты: Суреттер бойынша анықтау: зәрлі (шыбынжұт, жалған бозарыңқы улы саңырауқұлақ) Саңырауқұлақтардың атауын толықтыру және нығайту (бөлімшеде өсетін улы саңырауқұлақ, сурет бойынша және қозықұйрық орманда өсетін саңырауқұлақ); құрылысына көңіл бөлу керек зиянды және жейтін саңырауқұлақтарды ажырата білу керек. Еңбек: Учаскіде үнемі тазалықты сақтауға қоқыстарды жинауға тәрбиелеу Қимылдық ойын: «Кім алысқа секіреді» Мақсаты: Ұзындыққа орнынан секіруді нығайту; жарысқа қызығушылығын дамыту.	Құрт- құмырсқаларды бақылау (инелік, ара, маса, шыбын, көбелек) Мақсаты: Шабындықта, бала бақша учаскесінде, ағаштарда, өзеннің айналасында шыбын-шіркейлердің алуантүрлілігі туралы балалардың ұсынысын біріктіру, көп түрлі қоңыздар, көбелектер, инеліктер, шыбын, ара, масалар өмір сүретін тағы басқа жерлерде; ашық белгісі бойынша құрт-құмырсқалар топтарының көрсетілген жиі кездесетін өкілдері бойынша атауында және айырмасында жаттығу Еңбек: Гербариды жинау. Құрғату. Мақсаты: Ересектердің тапсырмасын жауапты және өз бетінше орындауға үйрет Өсімдіктерге сүйіспеншілігін туғызу Қимылдық ойын: «Кім қайда тұрады?» Мақсаты: Өзіндік іс-әрекеті Ойын түрін таңдауындағы дербестік, әрекеттің жетілдіру.	Зиян келтіруші құрт-құмырсқаларды бақылау Мақсаты: Шыбын-шіркейлердің алуантүрлілігі туралы балалардың ұсынысын жалпылау. Зауза қоңыз бақша және бөлімшеде үлкен зиянды қандыағаштардағы жапырақтарда жиі кездесетін зиян келтірушілер мен шыбын-шіркейлерді танып біліп және атау Еңбек: топ ойын алаңын тазалауға көмектесу. Мақсаты: ұжыммен бірге еңбек етуге үйрету. Қимылдық ойын «Ұшқалақтар» Мақсаты: Сапаның адамгершілікті-еріктісіне тәрбиелеу: оң нәтижелердің табысындағы шыдамдылықты, табандылықты көрсету. Балаларды сауықтыру шарасы: Құмда жалаң аяқ жүру	Ауа райын бақылау Мақсаты: Жаз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау арқылы қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Еңбек: құмда ойнайтын ойыншықтарды мұқият жинау. Мақсаты: Ойын алаңын таза, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Өз орындарын жинап жүруге дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқын» Мақсаты: шапшаңдық, ептілікке, қимыл-қозғалыстарын дамыту Құмда жалаң аяқ жүру, жылы сумен аяқтарын жуу, сұрту	Бала бақша бақшасындағы көкөністерді бақылау. Мақсаты: Жазғы табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, бақшадағы көкөністерге назарларына аудару. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Жаз мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. Еңбек: Беседка ішін сыпыру, ойыншықтарды жинау Мақсаты: Сыпырғышты дұрыс қолдана алуға үйрету. Қимылдық ойын: Құмда ойнайтын ыдыстармен және т.б еркін ойындар Құмда жалаң аяқ жүру, жылы сумен аяқтарын жуу, сұрту
Серуеннен оралу 11.20-11.30	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. Бір-біріне көмек көрсету, тату, достық, адамгершілікке тәрбиелеу				

Гигиеналық шаралар 11.30-11.50	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).
Түскі асқа дайындық 11.50-12.00	Тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптасуы
Түскі ас 12.00-12.40	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Нандай жоқ қой асыл дәм, Жеп үйренген жасыңнан. Дастарқаннан нан кетсе, Береке кетер асыңнан.
Күндізгі ұйқы 12.40-14.40	Желдету. Тыныштық режимі
Ұйқыдан тұру 14.40-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Тыныштық режимін сақтау. Ұйқыдан кейінгі жаттығу түрлері: Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық! Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. Көздерінді ашыңдар, Кірпіктерінді көтеріңдер. Беттерінді жеңіл қимылмен сипандар, Бір - біріңе жымыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделерінді алақанмен сипандар, Жұдырықты қысыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояңдындар, төсектен тұрыңдар.

Бесін асқа дайындық 15.00-15.10	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.				
Бесін ас 15.10-15.30	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 15.30-16.00	Танымдық-зерттеушілік жұмыс. «Сиқырлы су әлемі» су туралы, судың қасиеті туралы зерттеу жұмысын жүргізу арқылы танымдарын дамыту.	Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Қағып ал да, ата» (доппен); Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жалғастыр»	Қызығушылықтарын еңбекке баулу арқылы дамыту: өз учаскелерін дегі өсіп жатқан гүлдер, көкөністерді ажырата білу, ерекшеліктерін айыра білу, күтім, баптау	Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту жұмыстарын мақсатты ойын арқылы дамыту.	Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс негізінде әрекеті;
Жеке жұмыс 16.00-16.15	Қимылды ойын: «Сұр қоян»; Балалардың еркін ойындары. Ибрагим, Асылыммен танымдық түсініктері туралы ;	Даниал, Алимен танымдық ойын арқылы кеңістікті бағдарлай білуге жеке жұмыс	Ибрагим, Әминамен қарым-қатынаста белсенділігін, өзіне деген сенімділігін нығайту.	Асылым, Каусармен шынықтыруға және физикалық дамуын жақсартуға жеке жұмыс	Асылым, Алиге жаңылтпаш айтқызу
Кешкі асқа дайындық 16.15 – 16.20	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды дағдыға айналдыру				
Кешкі ас 16.20-16.40	Тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі),				
Серуендеу 16.50-17.30	Серуенге қызығушылық туғызу. Қимыл-қозғалыс ойындары Еркін ойындар				
Үйге қайту. Ата-анаға кеңес 17.30-18.00	Алдағы аптада жүргізілетін ата-анамен жұмыс туралы әңгімелесу. «Баламен бірге ойнаймыз » тақырыбында кеңес беру				

Тексерілді
Әдіскер 
«19» 07 2024 ж.

Жазғы-сауықтыру кезеңіне
мектепалды сөйлеу тілінің мүкiстiгi бар «Ақбота» тобының тәрбиешісі Ф.А.Муханова
2024 ж. 22.07-26.07 аралығындағы жұмыс циклограммасы
IV-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды далада қабылдау 8.00 – 8.30	«Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма» Балаларды қабылдау, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнау;				
Таңғы гимнастика 8.30-8.50	Жаттығулар кешені. /лентамен/ Таңғы жаттығу: бір қатар сапқа тұру, баяу жүру, аяқтың ұшынан, өкшемен жүру. 3 қатарға бөлініп тұру. 1.БҚ. Тік тұру, аяқ арасы сәл ашық. 1-қолды алға..2- жоғары. 3- қапталға. 4- төменге түсіру (5-6 рет) 2.БҚ. Тік тұрып қолды алға, артқа айналдыру. (5-6 рет) 3.БҚ. Аяқтары иық деңгейінде, қолдары кеуде алдында.Шынтақтары бүгілген.саусақтары жұдырыққа түйілген.Осы күйінде қолдарын айналдыру.(5-6 рет) 4.БҚ. Тік тұру.1-аяқтың ұшына қолды тізені бүкпей жеткізу.2-бастапқы қалыпқа келу.3-екінші аяққа.4-бастапқы қалыпқа. (5-6 рет) 5.Аяқтары сәл ашылған.Қолдары алға қарай созылған.Отырып тұру. (5-6 рет) Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығулары. 6.Баяу жүгіру, тыныс алу жаттығулары.				
Гигиеналық шаралар 8.50-9.00	Салқын сумен жуу.Сүрту Мөлдір су бар тамаша, Ойнайық біз таласа. Жуынамыз, ойнаймыз, Шаттанамыз қуана				
Таңғы асқа дайындық 9.00-9.10	Балалардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу				
Таңғы ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.Ас ішіп болған соң бата беру;				

9.10-9.30					
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 9.30-10.10	«Алтын балық» балықтар патшалығына саяхат жасау. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы. Көркем шығарма оқып беру. Аквариумдағы балықтарды бақылау, жем беру. «Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату.	«Жайдары жаз», ермексазбен жұмыс. Жаз мезгілі туралы әңгімелесу арқылы балалардың түсінік-танымын кеңейту, алған білімдерін бекіту (кері байланыс). «Жаз мезгілі» табиғатты бақылау.	Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. «Құлпырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасау. Педагог бақылап, қажет болса көмек көрсетеді (аппликация, оригами, квиллинг, жапсыру және басқа әдістермен). Жұмыстар дайын болғанда көрме ұйымдастыру, бір-біріне және ата-аналарына сыйға тартуға ұсыныс беру. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойыны, гүлзарларды, гүлбағын қопсыту, суару, тазалау	Танымдық әңгіме. «Жәндіктердің тіршілігі» Серуен кезінде табиғаттағы жәндіктерді бақылау, балаларға жетекші сұрақтар қоя отырып, көрген-білгенін сұрау. Балалармен әңгімелесу, улы жәндіктердің суреттерімен таныстыру, олардан қорғану туралы айту. Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш сынаспақ».	«Қазақстан – туған өлкем» тақырыбында сурет бойынша әңгіме. Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Ән тыңдатып, тақпақ айтқызу. Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау
Серуенге дайындық 10.10-10.20	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Күндізгі серуен 10.20-11.20	№1 Бақылау: Ауа райын бақылау Мақсаты: күн ыссы, бұлт жоқ, аспан ашық, сипаттай білуге үйрету. Еңбек: Ойын алаңындағы	№2 Бақылау: Желді бақылау Мақсаты: жаз мезгілінде желдің ерекшелігі ыстық жел, оның бағытын анықтау Еңбек: Топ ойын аландағы гүлдердің шөптерін жұлуға көмек	№3 Бақылау: Жәндіктерді (қоңыз, шегіртке) бақылау. Мақсаты: Жаз мезгіліндегі табиғат құбылыстары мен тіршілік иелерінің іс-әрекеттерін бақылау арқылы қоршаған ортаға	№4 Бақылау: Раушан гүлді бақылау Мақсаты: күлтелеріне, түсіне, сабақтарына назар аударту; ерекшелігін айта білуі Еңбек: Гүлді суару. Мақсаты: Еңбекке баулу,	№5 Бақылау: Бұлтты бақылау Мақсаты: Жазғы табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, аспандағы бұлтқа назарларын

	қоқыстарды жинау Мақсаты: Үлкендерге көмектесуге үйрету; Қимылдық ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: қимыл қозғалыстарын дамыту. Ептілік, шапшандыққа үйрету Балаларды сауықтыру шарасы: Бала ағзасын шынықтыру (күн сәулесі, шөпте жалаң аяқ жүру)	Мақсаты:Балаларды топ алаңындағы гүлдер. Қызанақ, жеміс ағаштарының аттарын атай біле отырып, өсіп кеткен арам шөптерді жұлуға көмектесуі. Еңбекке баулу Мақсаты:Табиғатты ластамауға,қоқысты қоқыс шелегіне салуға үйретіп тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Сақина салу» Қимыл қозғалыс ойындары:Еркін ойындар	сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Еңбек: Қоқыстарды жинау Мақсаты:Өз бастамасымен балаларды үлкендерге көмектесуге үйрету; өз ойын алаңындағы тазалыққа, еңбекке баулу. Қимылдық ойын: «Межеге кім тез жетеді» Мақсаты: жарысқа қызығушылығын дамыту. Жолдастарының сәттілігіне қуану.	тәрбиешіге көмектесу Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты:шапшандық, ептілікке үйрету, қимыл-қозғалыстарын дамыту. Балаларды сауықтыру шарасы:Құмда жалаң аяқ жүру	аудару. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Жаз мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. Еңбек: Гүлдер арасындағы арам шөптерді жұлу Мақсаты: Еңбекке баулу. Қимылдық ойын: «Допты қағып ал» Мақсаты: Қимыл қозғалыстарын дамыту. Ептілік пен шапшандыққа үйрету
Серуеннен оралу 11.20-11.30	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. Бір-біріне көмек көрсету, тату, достық, адамгершілікке тәрбиелеу				
Гигиеналық шаралар 11.30-11.50	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).				
Түскі асқа дайындық 11.50-12.00	Тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптасуы				
Түскі ас 12.00-12.40	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.				
Күндізгі ұйқы 12.40-14.40	Желдету. Тыныштық режимі				

Ұйқыдан тұру 14.40-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау. Ұйқыдан кейінгі жаттығу түрлері: Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау. Ұйқыдан кейінгі жаттығу түрлері: 1. Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп, аяқты кезекпен сермеу. 2. Қайық жаттығуы. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жоғары тартылып, еңкею, тербелу. 3. Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп - түсіру 4. Шаңғы жаттығуы. 2 аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып - жинау. Табанды төсек үстіне үйкеу. 5. Ашулы мысық. Тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру. 6. Мейірімді мысық. Белді бүгіп, басты жоғары көтеру.				
Бесін асқа дайындық 15.00-15.10	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.				
Бесін ас 15.10-15.30	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 15.30-16.00 Жеке жұмыс 16.00-16.15	«Әдептілік әліппесі. М.Әлімбаев»Көркем шығарма оқып беру. Сөздік қорларын байыту бойынша интонациямен, дауысын келтіріп тақпақ жаттату	Балаларға Достық туралы мақал — мәтелдер айтып беру Мақсаты: Баланың өзін — өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аяғына дейін тындауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу..	Мейірімділік туралы балаларға өлең оқып беру. Мақсаты: Адам бойындағы жақсы қасиеттердің бірі мейірімділік туралы түсінік беру Адамгершілік, қайырымдылық арқылы мейірімділікке тәрбиелеу	Проблемалық жағдаяттарды шешу. шынықтыруға және физикалық дамуын жақсартуға жеке жұмыс.	Таныс ертегіне сахналау Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту: сумен ойындар; Ән айту, еркін ойындар; жеке жұмыс
Кешкі асқа дайындық 16.15 – 16.20	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды дағдыға айналдыру				
Кешкі ас 16.20-16.40	Тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.алабақшаның ауласы неге аққа оранған»				

Серуенге дайындық 16.40-16.50	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (<i>тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі</i>),
Серуендеу 16.50-17.30	Серуенге қызығушылық туғызу. Қимыл-қозғалыс ойындары Еркін ойындар
Үйге қайтуАта-анаға кеңес 17.30-18.00	Ата-аналармен бүгінгі күнгі балалар белсенділігі, шынықтыру шаралары және алдағы күндерде ата-аналардың белсене қатысуы жөнінде әңгімелесу. «Ата-анаға арналған 14 кеңес» кеңес беру

Тексерілді
 Әдіскер Аллая
 «26» 07-2024ж.

Жазғы-сауықтыру кезеңіне
 мектепалды сөйлеу тілінің мүкістігі бар «Ақбота» тобының тәрбиешісі Ф.А.Муханова
 2024ж. 29.07-02.08 аралығындағы жұмыс циклограммасы
 V-апта

Күн тәртібі	«Менің достарым»				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды далада қабылдау 8.00 – 8.30	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау.				
Таңғы гимнастика 8.30-8.50	Жаттығулар кешені. /Құралсыз/ Таңғы жаттығу: бір қатар сапқа тұру, баяу жүру, аяқтың ұшынан, өкшемен жүру. 2 қатарға бөлініп тұру. 1.Б.қ.: аяқ алшақ, қол белде; 1-қолды екі жаққа созу; 2- жоғары көтеріп, аяқ ұшына көтерілу; 3-қолды екі жаққа созу; 4-б.қ.(5-6 рет) 2.Б.қ. аяқ алшақ, қол желкеде; 1-денені оңға бұру, қолды екі жаққа созу, б.қ. келу; сол жақпен қайталау.(6рет) 3.Б.қ. аяқ иық бойымен, қол төменде;1-қолды екі жаққа созу; 2- оң, сол аяққа еңкейіп, саусақты аяқ ұшына жеткізу; 3- тік тұру, қолды екі жаққа созу;4- б.қ. келу.(5-6рет) 4.Б.қ. н.т. қол белде; 1-2- отыру, қолды алға созу; 3-4- б.қ. келу;(6рет) 5.Б.қ. н.т. қол төменде; 1- оң аяқты жанына созу, қолды жан- жаққа созу; 2- оң қолды төмен түсіру, сол қолды жоғары көтеру; 3- қолды жан- жаққа созу; 4- оң аяқты окшеге қою, б.қ. келу. Сол аяқпен.(6рет) 6.Б.қ.н.т. қол белде; 1- оң аяқты алға созып, аяқ ұшына қою; 2- жанына созу; 3- артқа; 4- б.қ. келу. Осылай сол аяқпен. (6-7рет) 7.Б.қ.н.т. қол белде; 1- секіріп ,аяқты алшақ қою, қолды екі жаққа созу; 2- б.қ. келу; 1-8- дейін санап 3-4 қайталау. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығулары.				
Гигиеналық шаралар 8.50-9.00	Салқын сумен жуу.Сүрту Су қандай тамаша! Ойнаймыз таласа. Қуанып, шаттанып, Ойнаймыз тамаша!				
Таңғы асқа дайындық 9.00-9.10	Балалардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу				

Таңғы ас 9.10-9.30	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Асың, асың асыңа, Береке берсін басыңа. Дастарханың мол болсын, Денсаулығың зор болсын.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 9.30-10.10	«Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», әңгімелесу. «Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру. Көркем шығарма оқып беру. Дидактикалық ойын «Досыма достық лебізім». Сюжетті-рөлдік ойын «Супермаркет», «Сән салоны».	Балада дос, достық туралы түсінік қалыптастыру. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік көріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту. Достық туралы ән тыңдау, бірге айту. Жапсыру «Досыма сыйлық»	Денсаулық, салауатты өмір салты, мейірімділік туралы әңгімелесу. «Ертегі кейіпкерлерінің жақсы істері» ертегі еліне саяхат, пікірталас.	«Қала үстіндегі шарлар» ойын-сауығы: үрленген шарлармен эстафеталар өткізу. «Көңілді шарлар» шарларға сурет салу, ең көңілді шар конкурсы. Түрлі-түсті шардан кемпірқосақ жасау.	«Тату-тәтті балалар» Табиғи материалдардан құрастыру. Мүсіндеу «Достық бағы» Ұлттық ойындарды ойнату: «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Білектесу», «Алтын сақа».
Серуенге дайындық 10.10-10.20	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				

Күндізгі серуен 10.20-11.20	№1Бақылау Мезгіл: Жаз. Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Балаларға жаңбыр қайдан және қалай пайда болатынын түсіндіру. Сендер аспанда не көріп тұрсындар? Олар неге ұқсайды? Олар неге жылжып жатыр? Жаңбыр бізге не үшін қажет? Жаңбыр қандай? Жаңбыр жауғанда не болады? Жаңбыр қай мезгілде жауады? Еңбек: Ауланы қоқыстардан тазарту. Мақсаты: Бір - біріне көмектесіп, еңбектену дағдыларын қалыптастыру. Керекті құралдар: Қалақша, қолғап, шелектер. Қимылдық ойын: "Бақшадағы қояндар" Мақсаты:Балаларды шапшандыққа үйрету,қимыл қозғалысын дамыту. Шынықтыру шарасы	№2.Бақылау: Ауа – райын бақылау. Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге жұмыстану. Қимылды ойындар: «Кім өз жалаушасына тез жетеді?» «Қуыспақ» Мақсаты: Икемділікке баулу. Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттау Бар ма, жоқ па оны анық білмейсің, Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің. Еңбек: Телімдегі гүлдерге су құю. Көркем сөз: Жаңбыр, жаңбыр жау – жау, Көк беленді сау – сау. Балаларды сауықтыру шарасы:Құмда жалаң аяқ жүру Аяқтарын жылы сумен жуу	№3Бақылау: Алма ағашының өсуін бақылау Мақсаты:Жеміс ағаштары туралы түсініктерін кеңейту, Басқа ағаштан жапырағының, бұтағының айырмашылығын ажыратуғ Еңбек: Қоқыстарды жинау Мақсаты:Өз бастамасымен балаларды үлкендерге көмектесуге үйрету; өз ойын алаңындағы тазалыққа, еңбекке баулу. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты» Мақсаты:Ұзындыққа орнынан секіруді нығайту; жарысқа қызығушылығын дамыту. Жолдастарының сәттілігіне қуану.	№4 Бақылау: Жағадағы өсімдіктерді бақылау/қураған шөптер/ Мақсаты:Өмірде көптеген өсімдіктер үшін ылғалдың қажеттілігі жөнінде түсінігін қалыптастыру, себебі олар көлдің жағасында өседі: қамыс(ұзын және төзімді сабағымен өсімдік), қураған шөптер, элодея,тал; Сипатты белгілерін бөлуге және өсімдіктерді салыстыруға үйрету; жағада, су айдынында өздерін ұстай білуге үйрету: ересек адамдарсыз суға жақындамау, ағаштарды сындырмау, өзінен кейін шашпау Еңбек: құмда ойнайтын ойыншықтарды мұқият жинау. Мақсаты:Ойын алаңын таза, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.Өз орындарын жинап жүруге дағдыландыру. Қимылдық ойын: Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы». Отбасы – әр адамның шағын отаны. Ол қоғамның бір бөлшегі, от бар жерде	№5 Бақылау: Бала бақша бақшасындағы қызанақтың өсуін бақылау. Мақсаты: Жазғы табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, бақшадағы көкөністерге назарларына аудару.. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.Жаз мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. Еңбек: Беседка ішін сыпыру, ойыншықтарды жинау Мақсаты:Сыпырғышты дұрыс қолдана алуға үйрету. Қимылдық ойын:Құмда ойнайтын ыдыстармен және т.б еркін ойындар Мақсаты: қимыл қозғалыс үйлесімділігін дамыту.Достық, татулық, мейірімділік, адамгершілікке тәрбиелеу Аяқтарын жылы сумен
--	--	---	---	---	--

				өмір бар. Отбасында адамдардың алатын орны туралы түсінік беру. Жанұядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Адамгершілік, әдеп-инабат тағылымын алуға, жақсы қасиеттерді бойына сіңіру, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге баулу. Балалардың бойына ата-анаға деген сүйіспеншілігін, құрмет сезімін ояту, адал да парасатты ұл мен қыз тәрбиелеу. Шынықтыру шарасы	жуу
Серуеннен оралу 11.20-11.30	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. Бір-біріне көмек көрсету, тату, достық, адамгершілікке тәрбиелеу				
Гигиеналық шаралар 11.30-11.50	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).				
Түскі асқа дайындық 11.50-12.00	Тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптасуы				
Түскі ас 12.00-12.40	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Нандай жоқ қой асыл дәм, Жеп үйренген жасыңнан.				

	Дастарқаннан нан кетсе, Береке кетер асыңнан.				
Күндізгі ұйқы 12.40-14.40	Желдету. Тыныштық режимі				
Ұйқыдан тұру 14.40-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Тыныштық режимін сақтау. Ұйқыдан кейінгі жаттығу түрлері: Кемпірқосақ сал. Бір қалыпта, арқасымен жату, аяқтары бірге, қолдары аяғының бойымен тіке тұрады. Жауырынды тік ұстап созылу. Оң аяқты көтеріп ауада жарты шеңбер жасау, дәл солай сол аяқты көтеріп жарты шеңбер жасау. Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды. Мысық. Терезенің қасында, Орындықты тауып ап, Мысық ұйықтап жатады, Оян, қане мысығым, Жаттығуды жасайық. Бір бүйірден екінші бүйірге аунау.				
Бесін асқа дайындық 15.00-15.10	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.				
Бесін ас 15.10-15.30	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса, баспандар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастандар.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 15.30-16.00	Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс	Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту:сүмен ойындар	Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту жұмыстарын мақсатты ойын арқылы дамыту.	Қызығушылықтарын еңбекке баулу арқылы дамыту: жеміс ағаштары туралы, ерекшелігі, күтімі	Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту жұмыстарын мақсатты ойын арқылы дамыту.

Жеке жұмыс 16.00-16.15	Али. Даниалмен сөздік қорларын байыту бойынша сюжетті картинкамен әңгіме құрау	Әмина,Ибрагиммен танымдық ойын арқылы кеңістікті бағдарлай білуге жеке жұмыс	Даниал,Кәусармен қарым-қатынаста белсенділігін, өзіне деген сенімділігін нығайту.	Асылым,Даниалмен шынықтыруға және физикалық дамуын жақсартуға жеке жұмыс	Каусар,Әминамен қарым-қатынаста белсенділігін, өзіне деген сенімділігін нығайту.
Кешкі асқа дайындық 16.15 – 16.20	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды дағдыға айналдыру				
Кешкі ас 16.20-16.40	Тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.алабақшаның ауласы неге аққа оранған»				
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету <i>(тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі),</i>				
Серуендеу 16.50-17.30	Серуенге қызығушылық туғызу. Қимыл-қозғалыс ойындары «Жалаушаны табу». Еркін ойындар				
Үйге қайтуАта-анаға кеңес 17.30-18.00	Ата-аналарға алдағы аптада жүргізілетін іс-шаралар туралы әңгімелесу. Ата-аналарға профилактикалық іс-шаралар көру қабілетінің бұзылуының алдын алуға арналған арнайы жаттығулар кешені туралы кеңес беру.				